КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 тамыз 3514-24-00-2/3356 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының:
судьясы А.Қ. Бекқожинаның төрағалық етуімен,
хатшылықта А.Т. Кабишеваның қатысуымен,
алдын ала сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жумабаев» Касым Абдиманабович Жумабаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚЫНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Б. Ергалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 22 мамырда «Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ-і, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Жумабаев» Касым Абдиманабович Жумабаев (бұдан әрі - ЖК «Жумабаев», орындаушы) арасында, бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №90 келісім шарт жасалды (бұдан әрі – шарт).

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың мәні – Приозерск қаласының №1 қазандығының киім бөлмесін, душ бқлмесін және санитарлық торабын жқндеу жұмыстары (бұдан әрі – жұмыстар).

Шарттың жалпы сомасы – 2 300 000 теңге.

2024 жылғы 29 мамырда шарт аумақтық қазынашылық органында тіркелген.

2024 жылғы 09 маусымда өнім беруші шарттын орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізді.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – келісім шарт қазынашылыққа тіркелген сәттен бастап, 30 күнтізбелік күн ішінде. Сонымен, тауарлар 2024 жылғы 28 маусымға дейін орындалуға жатады.

Шарт 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Орындаушы тиісті дәрежеде жұмыстарды орындаған жоқ.

«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і «Жумабаев» ЖК-не мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талап шарт бойынша міндеттемелер тиісті орындалмағанға негізделген.

Талап қоюшының өкілі талап қойып, жауапкер жұмыстарды орындамағанын, шарт біржақты тәртіппен бұзылғанын түсіндірді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ. Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК-і) 172-бабы 2-бөлігінің, 196-бабы 4-бөлігінің тәртібімен істі оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Сот АПК-нің 172-бабы 7-бөлігінің тәртібімен істі қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 08.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Беккожина А. К., 11.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

Заңның 38-бабы 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот мемлекеттік сатып алу бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен жүргізілгенін, оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарт жасалғанын анықтады.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмыстарды уақытында орындауға келісті және міндеттеме алды.

Сонымен қатар, жауапкер жұмыстарды атқармаған, өнім берушінің шарт бойынша міндеттемесі орындалмаған.

Осыған байланысты 2024 жылғы 25 маусымда тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен бұзды.

Талап қоюшымен Заңда көрсетілген мерзім сақталған. Мерзімнің бұзылу туралы фактісі талап қоюшыға 2024 жылғы 29 маусымда белгілі болды. Сотқа ағымдағы жылғы 27 маусымда «Төрелік» АЖ-нің сот кабинеті арқылы жүгінді.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес талап қою берілген кезде талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 172, 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

«Приозерск қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Жумабаев» Касым Абдиманабович Жумабаевқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 08.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Беккожина А. К., 11.09.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Жумабаев» Касым Абдиманабович Жумабаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жумабаев» Касым Абдиманабович Жумабаевтен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде жергілікті бюджетке баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Қ. Беккожина

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 08.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 10.09.2024, судья Беккожина А. К., 11.09.2024

3514-24-3-1/3547